

Г.Т.Байжанова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: 70_gulzira_70@mail.ru)*

Қазақстан мемлекетінің типі: мазмұны және негізгі белгілері

Мақалада Қазақстан мемлекетінің әрекет етуші типологиясы тұрғысынан және олардың шеңберінде айқындалатын мемлекеттің негізгі типтері жүйесінде дамудың өтпелі кезеңіндегі мемлекет ретінде сипатталады, ол кеңестік социалистік мемлекеттен әлеуметтік құқықтық мемлекетке эволюциялық өту үрдісінен көрініс табады. Қазақстанға да қатысты мемлекеттің өтпелі типінің анықталған белгілері: елдің әлеуметтік, демократиялық, құқықтық, зайырлы сипаты; жеке меншіктің әлеуметтік тағайындалуы, қоғамның мүддесін қамтамасыз етуге бағытталғандығы. Сондай-ақ автор қоғам тарапынан мемлекет әрекетін әр түрлі нысандарда бақылауға негізделген әлеуметтік серіктестік бастаулары; ақпараттық-технологиялық дамудың жоғары қарқыны; экономикалық, әлеуметтік, саяси, мәдени, идеологиялық қатынастарды мемлекеттік реттеу шараларын күшейтуді қарастырады.

Кілт сөздер: мемлекет типі, өтпелі мемлекет, демократиялық мемлекет, әлеуметтік мемлекет, құқықтық мемлекет, зайырлы мемлекет, әлеуметтік капитализм.

Заманауи қазақстандық мемлекет қазақстандық қоғамның саяси жүйесінің негізгі институты, елде саяси билікті іске асырудың негізгі құралы болып табылады. Тәуелсіздік алу кезеңінде, жүйелі реформаларды жүзеге асыру барысында табиғаты, мәні мен атқаратын қызметі маңызды өзгерістерге ұшыраған Қазақстан мемлекетінің өзі реформалау объектісіне айналды. Сонымен бірге Қазақстан Республикасы құқық көмегімен реттеушілік ықпал ету мүмкіндігін пайдалана отырып, реформа жүргізуші басты субъект ретінде көрінді.

Мемлекеттің социалистік типі кезіндегі пролетариат диктатурасының тәртібіне тән дәстүрден арыла келе, заманауи Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін, әсіресе 1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясын қабылдағаннан кейін айтарлықтай өзгерістерге ұшырады, демократиялық мемлекетке айналды. Көрсетілген трансформация нәтижесінде қазіргі уақытта қалыптасып келе жатқан заманауи мемлекет типі жаңа мазмұнымен және типологиялық ерекшеліктерімен сипатталады.

Қазақстанға қатысты өтпелі қоғам, өтпелі мемлекет пен құқық теориясының заманауи көзқарастары тұрғысынан жаңа саяси-құқықтық және әлеуметтік парадигма ретінде постсоциалистік қоғам (посткоммунизм) тұжырымдамасы қарастырылады. Көптеген шетелдік авторлардың көзқарасы бойынша, постсоциализм (посткоммунизм) — «өткен мен келешектің қоспасы» (дамудың либералдық стратегиясы), ал екінші жағынан алғанда, «құқықтық, демократиялық мемлекет құру жолындағы қажетті қадам» [1; 3]. Постсоциалистік мемлекет жағдайында өзара байланысты және өзара негізделген екі үрдіс қатар өтуі керек: 1) нарықтық экономиканың қалыптасуы және 2) демократиялық құқықтық және саяси институттардың қалыптасуы. Н.Н.Арзамаскинге сүйенсек, «құқықтық мемлекетсіз болған нарықтық экономика — өтпелі посткоммунистік мемлекеттіліктің ең нашар моделі» [1; 5].

1993 жылдың 28 қаңтарында Қазақстан Республикасы өзінің алғашқы Конституциясын ұзаққа созылған саяси талқылаудан кейін қабылдады. Өтпелі кезеңнің Конституциясы әр түрлі саяси топтардың қиыспас мүддесінің тұрғысынан шығуға тырысқандықтан, қоғамдық қатынастарды реттеу барысында толық анықталған бағытты айқындай алмады. Дегенмен де, оның мемлекеттің тәуелсіздігінің қалыптасуына тигізген жағымды жағын ескермеуге болмайды. Осындай жағымды тұстарының бірі — билік бөлуге қатысты. «Қазақстанның Ата Заңында билікті бөлу қағидасын кезекті сынақтан өткізу үшін емес, мемлекетті нығайту үшін, Қазақстанның көп ұлтты халқының мүдделеріне сай тиянақты да салиқалы шешімдер қабылдап, оны жүзеге асыру үшін өмір тәжірибесіне енгіздік. Мемлекет шын мәніндегі билікті бөлу тұжырымдамасына тұңғыш рет қадам басып, оның жөнін Негізгі Заңда бекітті, — деп жазады М.Т.Баймаханов [2].

Жалпы осы оймен келісе отыра, келесі мәліметтерді ескеру керек. Заманауи Қазақстан мемлекетін өтпелі типтегі мемлекет ретінде сипаттау үрдісті дұрыс бағалайды, бірақ соған қарамастан, жеткіліксіз болып табылады, өйткені ол бағыттың соңғы нүктесін және көрсетілген

ауысымның мақсатын анықтауға мүмкіндік бермейді. Себебі «өтпелі типтегі» мемлекеттер жалпы ұлттық мүддені: тәуелсіздік алу, ұлттық экономиканы, мәдениетті көтеру мақсатын көздейтін блоктардың жиынтығы ретінде қалыптасады да, өз мүддесін қанағаттандырғаннан кейін саяси аренадан кетеді. Мәселені осылай қойған жағдайда мемлекет типінің әрі қарай дамуы қандай баламалы жолдар ұсынады, мемлекеттің қандай типіне келеміз, мемлекеттің социалистік типінен ауысу үрдісінде қандай мемлекет типі құрылады деген заңды сұрақ туындайды.

Қалыптасып жатқан экономикалық қарым-қатынас жүйесінің ерекшеліктерін, саяси жүйе генезисінің жағдайларын және жария билік сипатының ерекшеліктерін ескере келе, қойылған сұраққа жауап, біздің ойымызша, былай болады: қоғам мен мемлекеттің дамуының заманауи кезеңінде социалистік мемлекеттің және оның әрбір азаматының оларға қарама-қарсы болып табылатын шындыққа — капитализмге, азаматтық қоғамға және либералды демократиялық әлеуметтік-капиталистік мемлекеттің дамыған нысандарына ауысуы байқалады. Сонымен қатар социалистік мемлекеттен ауысу өткен күндердің дәстүрлі капиталистік мемлекеті бағытына қарай емес, заманауи әлеуметтік капиталистік мемлекетке қарай жүзеге асып жатқанын айта кету керек, оның даму деңгейі жоғары болған жағдайда капиталистік және кейбір социалистік элементтердің халыққа жағымды конвергенциясы пайда болады [3].

Әлеуметтік капитализм туралы тезис қоғамдық даму сипаты мен бағыттарын түсінудегі вакуумды толтырады, мемлекетті модернизациялау мақсаттарындағы түсініксіздіктің, белгісіздіктің көзін жояды. Заманауи жағдайда қалыптасып жатқан әлеуметтік-капиталистік мемлекет типі үшін, оның табиғаты мен мазмұны үшін келесі сапалық типологиялық ерекшеліктер тән: 1) барлық қоғам мүшелерінің мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған жеке меншіктің әлеуметтік тағайындалуы; 2) мемлекеттің қызметін қоғам тарапынан бақылаудың әр түрлі нысандары негізделген әлеуметтік серіктестік. Бұл тек еңбек қатынастары саласында ғана әрекет етпейді, сонымен қатар мемлекет пен корпорацияның қызметін азаматтық бақылау және әлеуметтік серіктестіктің жаңа нысандары мен механизмдерін дамыту мен пайдалануды көздейтін заманауи мемлекеттің инновациялық дамуының сапалы жаңа кезеңі болып табылады; 3) мемлекеттің нақты әлеуметтік сипаты (заманауи мемлекеттің әлеуметтік қызметінің мәні табысты бөлу саласында әлеуметтік әділетті және экономикалық жағынан тиімді саясат жүргізу болып саналады, сол сияқты тәуелсіз және әлеуметтік бағытталған экономикалық курсты тарату, халыққа әлеуметтік қызмет көрсетуді қамтамасыз ету, азаматтың еркін дамуы мен өмір сүру деңгейін жоғарылату үшін жағдай жасау жатады; 4) заманауи әлеуметтік капиталистік мемлекет қоғамдағы әлеуметтік-саяси төреші ролімен сипатталады, ол әр түрлі әлеуметтік топтардың арақатынасын, еңбек пен капиталдың қатынасын өз заңдары мен басқа да нормативтік-құқықтық актілері арқылы ретке келтіреді; 5) заманауи әлеуметтік-капиталистік мемлекет — экономикалық, әлеуметтік, саяси, мәдени және идеологиялық қатынастарды мемлекеттік реттеу шараларын күшейтуші мемлекет; 6) әлеуметтік капитализм мемлекеті көптеген аспектілер бойынша технократиялық және технологиялық мемлекет болып табылады.

Заманауи қазақстандық мемлекет типіндегі капиталистік және кейбір социалистік элементтердің конвергенциясының ерекшелігіне қарай қоғамның мемлекеттік-құқықтық дамуының өтпелі жағдайының ерекшеліктерінің бірі ретінде мемлекеттің құрылымында жаңашылдық элементтері мен сабақтастық (үздіксіз) элементтері үйлесетіндігін айта кету керек.

Заң әдебиетінде осы мәселе бойынша әлеуметтік терістеу, әлеуметтік сабақтастық пен жаңа мемлекеттік институттар құру өтпелі кезеңде бір мезгілде жүретін және өзара байланысты үрдіс болып табылатындығы туралы айтылады [4]. Заманауи мемлекетке қатысты сабақтастық мемлекеттің біртұтастығынан, басқарудың республикалық нысанын сақтаудан, мемлекеттің әлеуметтік сипатын сақтаудан көрінеді. Құқықтық сабақтастықтың белгісі Қазақстанда роман-германдық құқықтық жүйе әрекет етеді. Роман-германдық құқықтық жүйеге жататындығын дәлелдейтін факторлар ретінде құқықтың кодификациялық сипатын, құқық нормасының құрылымын, заң жоғарылығы қағидасын және тиісінше құқықтың қайнар көздерінің сатылығын, сот ұйымдастыру мен сот өндірісінің негізгі қағидаларын атауға болады. Дегенмен, батыстық ойшылдар қазақстандық құқық әдістемесі мен инфрақұрылымы бойынша роман-германдық құқық отбасы белгілеріне сәйкес келеді, бірақ құқық идеологиясы мен құқықтық мәдениеті бойынша ақаулық бар деп санайды.

«Мемлекеттік-құқықтық демократиялық идеологиясыз, өнегелілік идеясы мен адамгершілік құндылық жүйесіз, мейірім мен әділеттіліксіз Қазақстанда құқықтық мемлекеттің қалыптасуы мүмкін емес» [5]. Осыған байланысты, заманауи мемлекеттің құқықтық шындығын көрсететін және бағалайтын заңдық идеялар, ғылыми теориялар мен көзқарастар жиынтығы ретіндегі құқықтық

идеологияның негізін құқықтық мемлекет тұжырымдамасы құрау керек, ол демократия, адамның құқығын қорғау, адамгершілікті және әділ құқықтық тәртіп туралы жалпы адамзаттық та, ұлттық та көзқарастарға сәйкес болу қажет. Заманауи Қазақстанның басты міндеті — мемлекеттіліктің қалыптасуы мен қызмет етуінің маңызды бағыттарын құқықтық қамтамасыз ету және толыққанды азаматтық қоғамды дамыту. Мемлекет бүгінде ең бастысы мазмұнын жаңаша толықтыру жолдарын іздеуші, модернизацияланатын жүйе, қатал емес, бірақ соған қарамастан, кең көлемді даму мақсаттарын алға тартады. Атап айтсақ, құқықтық, әлеуметтік және демократиялық мемлекет құру. Заманауи қазақстандық қоғамның мемлекеттік-құқықтық дамуындағы үзілісті айта кететін болсақ, кеңестік социалистік мемлекет пен құқыққа тән жеке меншікке тыйым салу, бір партиялық жүйе, жария биліктің таптық сипаты, міндетті мемлекеттік идеология және т.б. институттардың заманауи қазақстандық мемлекетке өтпегендігін, Қазақстанның оларды өзіне алмағанын айтуға болады.

Мемлекеттік-құқықтық дамудағы сабақтастық дәстүрін және кеңестік қоғам мен мемлекеттің әлеуметтік саланы әлеуметтендіру іс-тәжірибесін ескере келе, заманауи Қазақстан өз алдына әлеуметтік мемлекет құру мақсатын қойды. Әлеуметтік мемлекет дегенді «әр түрлі нысандарда, әр түрлі әлеуметтік-экономикалық жағдайларда және әр түрлі тарихи кезеңдерде болатын жеке және қоғамдық мүдде арасындағы тепе-теңдікті, үйлесімдікті іске асыруды қамтамасыз ететін және ішкі (азаматтардың құқықтық санасы) және сыртқы (саяси нысандар) екі кезеңнің өзара байланысы барысында көрінетін билік жүйесін құру моделі» деп түсіндіруге болады [6].

Б.Н.Топорнин әлеуметтік мемлекеттілік қағидасын ұлттық табысты жалпы қоғам мүддесі үшін, соның ішінде әлеуметтік аз қорғалғандар пайдасына қайта бөлу ретінде анықтайды [7]. Қазақстан заманауи қоғамның барлық мүшелерінің әлеуметтік мүдделерінің өкілі болуға, азаматтардың кепілдендірілген әлеуметтік құқықтарына бағытталған, әлеуметтік саясатты барынша қамтамасыз етуге тырысуда. Оның куәсі ретінде әр түрлі мемлекеттік бағдарламаларды атауға болады. Мысалы, Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы №1118 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсаты — білім берудің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, экономиканың тұрақты өсімі үшін сапалы білімге қолжетімділікті қамтамасыз ету арқылы адами капиталды дамыту болып табылады. ҚР Президентінің 2010 жылғы 29 қарашадағы №1113 Жарлығымен қабылданған «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011–2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының мақсаты — еліміздің орнықты әлеуметтік-демографиялық дамуын қамтамасыз ету үшін Қазақстан азаматтарының денсаулығын жақсарту ретінде анықталды.

Біздің жағдайымызда әлеуметтік типтегі мемлекетті қалыптастыру шарттарының бірі болып әрбір азаматты күн көріс минимумымен қамтамасыз ету жауапкершілігі саналады, ол азаматтарға әлеуметтік қорғау саласында мемлекеттік кепілдіктерді бекіту барысында есепке алынады. Аталған жауапкершілік белгілі бір деңгейден қарағанда екіншілік сипатта тұрады, бірінші кезекте әлеуметтік мемлекет азаматтарға еңбек жолындағы өздерінің қабілеттерін іске асыруға мүмкіндік беруі керек, сол сияқты азаматтардың еңбегін қорғауды қамтамасыз ету қажет. Өз кезегінде азаматты күн көріс минимумымен қамтамасыз етудегі мемлекеттің жауапкершілігі, егер жұмыс істеуші азамат өзін әлеуметтік игіліктермен қамтамасыз ете алмаса ғана күшіне енеді. Аталған қажеттіліктермен қамтамасыз етудегі құралдардың бірі болып еңбекақының кепілдендірілген төменгі мөлшерін бекіту саналады. Аталған мөлшер көптеген факторларға байланысты болады, ең бастысы дамудың белгілі бір кезеңіндегі мемлекеттің экономикалық мүмкіндігіне байланысты және сонымен қатар ол көптеген жағдайда қойылған мақсатқа жету үшін бекітілген мөлшерге сай келмейтінін айта кету керек.

Әлеуметтік сипаттағы мемлекет типін қалыптастырудағы құрамдас бөліктерге әлеуметтік қызмет көрсету жүйесінің үнемі дамып отыруы жатады, оған әлеуметтік қолдау көрсету, әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-медициналық, психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік-құқықтық және басқа да қызметтер мен материалдық көмек көрсету, сол сияқты өмір сүру жағдайында қиындық туындаған азаматтарға әлеуметтік бейімделу мен реабилитация жүргізу, сол сияқты мемлекеттік зейнетақы, қосымша жәрдем ақы және әлеуметтік қолдау мен қорғаудың басқа да кепілдіктерімен қамтамасыз ету жатады.

Соңғы уақыттарда біздің елімізде дамудың стратегиялық жолы ретінде қазақстандық мемлекетті модернизациялау көрсетіледі. Модернизациялау заң әдебиетінде бір мәнде түсіндірілмейді. Мемлекеттілікті реформалау үрдісі үшін модернизация түсінігін А.В.Венгеров әлеуметтік құқықтық мемлекетке ұмтылумен, адам бостандықтары мен құқықтарын қалыптастыру және қамтамасыз

етумен, рухани өміріндегі шұғыл өзгерістермен — жеке тұлғаның гүлденуі, шығармашылық, дербес жекелік, кәсіпкерлікпен сипатталады деп есептейді (әлеуметтік арқа сүйеушілік пен теңестірушіліктің орнына) [8].

Ғалым-экономист Е.Ясиннің көзқарасы бойынша, жеке ынтаға, қоғамның билікті бақылауына, заңның жоғарылығына, биліктің бөлінуіне негізделген қоғамды «төменнен» модернизациялау моделі мемлекетке және биліктің экономика мен қоғамды бақылауына үміт артылған, билік шоғырланған және заңнан тыс күштеу болуы мүмкін «жоғарыдан» модернизациялау моделіне қарағанда айтарлықтай тиімді болады және модернизация мақсаты — постиндустриалды кезеңде қоғамның, халықтың және мемлекеттің әл-ауқатының жақсаруы жолындағы ашықтық пен бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізу тез іске асады [9].

Мемлекетті модернизациялауды келесі негізгі бағыттар бойынша іске асыру қажет тәрізді: қоғамның маңызды қызметтерін іске асыру барысындағы мемлекеттің ролін белсенділендіру, әлемдік қоғамдастықта оның егемендігін қамтамасыз ету және жаһандану жағдайында құрылымын қайта құру, құқықтық негізін жетілдіру.

Қазақстан Республикасының Президенті — Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясы — қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Біз «Алдымен экономика — содан соң саясат» деген айқын формуламен ілгерілеп келеміз. Саяси реформалардың әрбір кезеңі экономика дамуының деңгейімен ұштасады. Сондықтан да біз саяси ырықтандыру жолын дәйекті ұстанудамыз. Осылайша ғана елді жаңғыртып, оны бәсекеге қабілетті етуге болады. Қоғам әрбір қадам басқан сайын демократияландыру мен адам құқықтары саласындағы ең жоғары стандарттарға жақындап келеді. Біз ел Конституциясында негізгі құқықтар мен бостандықтарды бекіттік. Бүгінгі күні Қазақстанның барлық азаматтары тең құқықтар мен мүмкіндіктерге ие», — деп көрсетілген [10].

Заманауи дамыған өркениетті қоғамдар мәселенің тиімді шешімі — демократиялық құқықтық мемлекет құру жолы деп шешті. Мемлекет өркениетті қоғамда құқықтық, тиімді және қуатты болады, өйткені оның атқаратын қызметі, мемлекеттік саясат пен басқару құқық пен заң билігі аймағына енеді. Сонымен қатар қуатты мемлекет туралы заманауи көзқарас екі негізгі бастаумен ұштасуы керек — мемлекеттегі құқықтық тәртіп пен жеке тұлғаның мемлекетпен қорғалуы. Біздің жағдайымызда қоғам мен мемлекет арасында өзара қалыптасқан қарым-қатынас сараптамасы мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік береді: Қазақстан көп жағдайда азаматтық қоғамға емес, мемлекетке бағытталған елдердің қатарына жатады. Қоғам айтарлықтай дәрежеде дербес және тәуелсіз емес, осының нәтижесінде күшті мемлекеттің қажеттігі туралы сенім ол үшін айтарлықтай тиімді.

Демократиялық мемлекет — мемлекетті алдымен Конституция қабылдап, тікелей басшысын және Парламент сайлауға, өкілетті мерзімі біткен соң оларды ауыстыруға халықтың құрылтайшылық билігі бар республикалық құрылымдағы мемлекет ретінде танытатын ұғым. Республиканың жоғарғы органдары арқылы көпшілік қазақстандықтардың еркін шынайы анықтауға және мүддесін барынша жүйелі қорғауға қажетті мүмкіндіктер береді. Демократиялық мемлекет әлеуметтік және ұлттық нысандарына қарамастан, азшылық пен жекелеген азаматтардың мүддесін білдіруіне, оның есепке алынуына да мүмкіндіктер береді, мемлекеттік қызметке араласып, қатысуға тең құқықтар беріледі. Демократиялық мемлекет қызметінің түбегейлі қағидаларының бірі қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық болып табылады.

Құқықтық мемлекет — бұл тәуелсіз мемлекет, өз бойына бүкіл халықтың, ұлттың және елді мекендейтін аз ұлттардың тәуелсіздігін жинайды. Мұндай мемлекет үстемдікті, теңдікті, биліктің толықтығын, ерекшелігін іске асыру арқылы, адалдыққа негізделген азаматтардың қоғамдық қатынастарын, бостандығын қалтқысыз қамтамасыз етеді. Құқықтық мемлекет тәуелсіздіктің маңызды көрсеткіші ретіндегі құқықпен шектеледі, заңсыздық пен бассыздыққа жол бермейді. Мемлекет өз күшін құқық негізінде, тек өзінің тәуелсіздігі, азаматтарының мүдделері бұзылса ғана пайдаланады. Жеке адамның әрекеті басқа адамдардың бостандығына қауіпті болса, оның бостандығын тежейді.

Қазақстанды құқықтық мемлекет ретінде танытатын белгі — оның барлық органдары мен лауазымды адамдарының қызметі құқық нормаларына байланысты, соған бағынышты және сәйкес іс-әрекет жасайтындығынан көрінеді. Құқықтың негізгі қағидалары: азаматтар үшін — «Заңда тыйым салынбағанның бәріне рұқсат етіледі», мемлекеттік органдар мен лауазым иелері үшін — «Заңда нақты не көрсетілсе, соған ғана рұқсат». Барлық заң жүйесін жақсартып, әділеттікті жоғары дәрежеге

көтеру және азамат құқығы мен бостандығын халықаралық өлшем деңгейіне жеткізу — Қазақстан мемлекетінің бүгінгі таңдағы негізгі міндеті. Құқықтық мемлекетте заң бір әлеуметтік топтың емес, халықтың шынайы еркін білдіреді. Мұндай мемлекетте заңның рухы үстемдік етеді. Барша адамдар ең жоғары дәрежедегі лауазым иелерінен қатардағы азаматтарға дейін заңдардың бүкіл халықтың мүддесі, игілігі үшін жасалып, қолданылатынын, заңдар адамдарға қажет қоғамдық тәртіпті орнататынын, адамдарға отбасын құрып, өсіп-өнуге, өзі қалаған жұмыспен шұғылдануға, өздерін еркін сезінуге, қоғам ісіне қатысуға жағдай туғызуы керек екенін түсінуі қажет.

Демократиялық жолмен дамушы қоғам оның жан-жақты объективті қажеттіліктері мемлекеттің басты назарында болғанын қалайды, бұл мемлекеттің жалпы әлеуметтік функцияларын кеңейтуге ықпал етеді. Қазіргі мемлекеттердің дамуының жаңа заңдылығының бастауы ретінде оның қоғам өміріндегі ролінің арта түскенін айта кеткен жөн. Аталған заңдылық толық түрде XX ғ. екінші жартысында көріне бастады. Мемлекет өзінің ұйымдастырушылық және бағыттаушылық әрекетін қоғам өмірінің экономикалық, әлеуметтік және мәдени аймақтарына жаңадан құрылған мекемелер мен органдар арқылы тарата бастады.

Тәжірибе көрсеткендей, қазіргі кезеңде көптеген себептерге байланысты мемлекет экономикаға «келді», сол арқылы экономикалық өмірді тұрақтандыру орын алды, бұл әлемнің көптеген елдеріндегі экономикалық дағдарыстан шығудың жолы тәріздес. Қазақстан Республикасының экономикалық қызметтеріне баға беру барысында, мемлекеттің өзі еркін экономиканың кепілі болу керектігіне басты назар аударылады. Оның міндеті — нарық ережелерін белгілеу, бұл ретте әділ әрі байыпты іс-қимыл жасай отырып, ережелердің орындалуын қамтамасыз ету. Егер ережелер айқын белгіленіп, олардың орындалуы объективті негізде қамтамасыз етілсе, онда Қазақстан азаматтары нарықтық экономикаға тез бейімделер еді. Дамыған нарықтарда мемлекет ролінің шектеулі болатынына қарап, ол еркі мен қайратынан айрылып, енжар байқаушыға айналады деген түсінік тұмауға тиіс. Керісінше, ол заңдардың орындалуы үшін өте күшті құзыретті әлемдік және отандық нарықтарды білетін, босаң және шашыраңқы болмау үшін өз жұмысын белсенді жоспарлайтын ұйым болуға тиіс. Мемлекет халықтың әр түрлі топтарының мүдделерін анықтауға, даму басымдықтарын айқындауға, жекеше сектормен тығыз ынтымақтастықта болуға және сол арқылы қоғамды біріктіре, беріктендіре түсуге тиіс.

Біздің елде «Қазақстан–2050» бағдарламасы мемлекеттің даму бағытын анықтайтын стратегиялық құжат болып отыр. Айқын бағдарламаның арқасында дәлелді де икемді және тиімді белгілі мерзімге арналған мақсат пен міндетті қоюға мүмкіндік туады. Қазақстан жолының жаңа кезеңі — экономиканы нығайтудың, халықтың әл-ауқатын арттырудың жаңа міндеттері. Қазақстан үшін экономикалық табыстар мен қоғамдық игіліктерді қамтамасыз етудің оңтайлы теңгерімін табу — өмірлік маңызды нәрсе. Мемлекет қызметінде табысқа жету Қазақстан азаматтарының қолдауына байланысты. Ал, мұндай қолдау адамдар істің оңалуға беталысы мен әділеттілікке көзі жеткен жағдайда ғана көрсетілетіндігі де мәлім.

Заманауи Қазақстанның зайырлық сипаты. Заманауи Қазақстан дінді мемлекеттен бөлуді, олардың қызметтерінің салаларына шек қоюды конституциялық деңгейде анықтаған зайырлы мемлекет.

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңының 3-бабына сәйкес: «Мемлекет дін мен діни бірлестіктерден бөлінген. Діни бірлестіктер және Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар дінге көзқарасына қарамастан заң алдында тең. Ешбір дін мемлекеттік немесе міндетті дін ретінде белгіленбейді» [11]. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тіркелмеген діни бірлестіктердің қызметіне жол берілмейді. Шетелдік діни бірлестіктердің Республика аумағындағы қызметі, сондай-ақ шетелдік діни орталықтардың Республикадағы діни бірлестіктер басшыларын тағайындауы Республиканың тиісті мемлекеттік органдарымен келісу арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстанда қоғамдағы жасампаздық пен келісім жағдайын және тұрақтылықты қамтамасыз ететін этностар мен діндердің өзара әрекеттесуінің тұрақты моделі қалыптасты. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері еліміздегі дінаралық қатынас саласында мемлекеттік сарабал саясат жүргізіліп келеді. Қазақстан халқы көптеген этностар мен ондаған діни конфессиялардан тұрады. Қазақстан 140 этнос пен 17 конфессияның өкілдері үшін туған шаңырағына айналған. Түрлі наным, сенімді ұстанатын Қазақстан халқының келісімі мен ынтымақтастығы, оның саяси тұрақтылығының нығаюына, экономика мен әлеуметтік жағдайдың кемелденуіне бастайтын жағдайлар. 2009 жылғы жалпыұлттық

санағының нәтижесіне сәйкес, халықтың 70,2 %-ы өздерін мұсылмандармыз, 26 %-ы — христиандармыз, 0,03 %-ы — иудеилерміз, 0,1 %-ы — буддистерміз, 0,2 %-ы басқа діндерді ұстанушылармыз деп атады. Соның ішінде ешқандай дінді ұстанбаймыз деп 2,8 %-ы жауап берсе, 0,5 %-ы жауап беруден бастартты.

Қазақстанда дінаралық қатынас орнатудың негізгі ұстанымдары:

1. Елдің Конституциясы мен заңдары ар-ождан бостандығы мен діни сенімді қорғауға кепіл береді. Конституция діни, этникалық және басқа тұрғыдағы кемсітушіліктерге тыйым салады. Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңы діни бірлестіктердің еркін іс-әрекет жасауы үшін барлық құқықтық негіз қалады.

2. Мемлекет конфессиялардың өз қызметтерін жүзеге асыруы үшін тең және қолайлы жағдай жасайды. Бұл тәуелсіздік кезеңінде діни бірлестіктер санының артуына мүмкіндік берді. 20 жыл ішінде діни бірлестіктердің саны 6 есеге өсіп, 2011 жылдың 1 қаңтарында 4479 жетіп, ал конфессиялар мен деноминациялар саны 40-тан асып кетті. Қазіргі уақытта 3200-ге жуық мешіт, шіркеу, ғибадатханалар жұмыс істейді.

3. Мемлекет саясатының маңызды бағыты ретінде дінаралық диалогты атауға болады. Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен Қазақстан халқы Ассамблеясы секілді ұлтаралық және дінаралық диалогтың теңдессіз институты құрылды. Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі Дін істері комитеті азаматтардың сенім бостандығына құқығын қамтамасыз ету, әр түрлі сенімді ұстанушылардың діни бірлестіктері арасындағы өзара түсінушілік пен төзімділікті нығайту, олардың мемлекетпен өзара әрекеттесуі саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырушы орган. 2000 жылдан бастап Үкімет жанында консультациялық-кеңестік орган — Діни бірлестіктермен байланыс жөніндегі Кеңес жұмысын атқаруда. Мемлекеттік органдармен ұдайы негізде конфессияаралық келісімді нығайту мен діни экстремизмнің алдын алуға бағытталған ақпараттық-насихаттау жұмысы атқарылады. Дін саласындағы жүйелі ғылыми зерттеулерді жүргізу, мониторинг пен талдау жасау мақсатында 2007 ж. дін мәселелері жөніндегі Ғылыми-зерттеу және талдау орталығы ашылды. Осылайша Қазақстанда уақыт тезінен өткен этносаралық және дінаралық келісім моделі қалыптасты.

Жаһандану және халықаралық байланыстың ары қарайғы дамуы жағдайында ғаламдық геосаяси тенденциялар, сондай-ақ көрші аймақтардағы, әсіресе ТМД, Орталық Азия және Таяу Шығыстағы оқиғалар Қазақстанның ахуалына (жағдайына) әсерін тигізетіндігі айқын болды. Кейбір көрші елдерде әлеуметтік-экономикалық қиындықтар туындап жатқанын ескере отырып, дінаралық қатынастар саласындағы саясатты құру кезінде аталған факторға көңіл аударып, экстремистер мен ланкестердің елімізге енуіне жол бермейтіндей шаралар мемлекет пен қоғам тарапынан үнемі жүргізіліп отыруы керек.

Ғылыми-техникалық революцияның, әлемдік интеграция үрдісінің және бүкіләлемдік нарықтың қалыптаса бастауына байланысты мемлекеттерде жаңа заңдылық — әр түрлі мемлекеттердің жақындасуы, олардың өзара әрекеттестіктің нәтижесінде толысуы байқалады. Кезінде батыстық мемлекеттер социалистік мемлекеттерден белгілі бір дәрежеде жоспарлауды, әрекетінің әлеуметтік бағытталғандығын қабылдап алды. Қазір Қазақстан батыстық мемлекеттерден билікті бөлісуді, парламенттік мәдениетті, құқықтық мемлекет құруды үйренуде. Осы заңдылық ықпалымен конфронтация, идеологиялық соғыс, сенімсіздік және күмәнмен қарау артта қалуда. Қазақстандық мемлекеттің әлеуметтік, демократиялық және құқықтық сипаты — қазіргі жағдайда қалыптасып жатқан заманауи Қазақстанның негізгі белгілерінің бірі болып табылады.

Қорыта келгенде, мемлекет типологиясының әрекеттегі концепциялары мен олардың шегінде ерекшеленген мемлекеттің негізгі типтерінің жүйесін есепке ала отыра, заманауи қазақстандық мемлекетті кеңестік социалистік мемлекеттен дамыған әлеуметтік құқықтық мемлекетке эволюциялық ауысу үрдісіндегі мемлекет ретінде сипаттауға болады. Заманауи мемлекеттің негізгі сипаттарына мыналар жатады: 1) үздіктік (дискреттілік) және үздіксіздік (сабақтастық, континуалдық); 2) демократизм; 3) басым түрде құқықтық, 4) әлеуметтік; 5) зайырлы сипатының болуы тән.

Әдебиеттер тізімі

1 Арзамаскин Н.Н. Переходное общество: понятие и общая характеристика // Государственная власть и местное самоуправление. — 2006. — № 7. — С. 3–5.

- 2 Баймаханов М.Т. Проблема этатизма. — Алматы: Жеті жарғы, 2001. — С. 19.
- 3 Чиркин В.Е. Элементы сравнительного государственного права. — М.: Изд-во ИГиП РАН, 1994. — С. 89.
- 4 Марченко М.Н. Проблемы теории государства и права: учебник. — М.: Велби Проспект, 2008. — С. 157.
- 5 Кубеев Е.К., Амандыкова С.К. Қазақстан Республикасы Конституциясы: теориялық-құқықтық талдау. — Алматы: Білім, 2008. — 75-б.
- 6 Евстратов А.Э. Генезис идеи социального государства: историко-теоретические проблемы: автореф. дис. ... канд. юрид. наук. — Омск, 2005. — С. 6–8.
- 7 Топорнин В.А. Сильное государство — объективная потребность времени // Вопросы философии. — 2001. — № 7. — С. 18.
- 8 Венгеров А.В. Теория государства и права: учебник для юрид. вузов. — 3-е изд., испр. и доп. — М.: Омега-Л, 2006. — С. 239.
- 9 Ясин Е. Государство и экономика на этапе модернизации // Вопросы экономики. — 2006. — № 4. — С. 25.
- 10 Қазақстан Республикасының Президенті — Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан–2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: akorda.kz
- 11 «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы № 483-IV Заңы. — [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://adilet.zan.kz> — 3-б.

Г.Т.Байжанова

Тип казахстанского государства: содержание и основные признаки

В статье отмечено, что в контексте существующих типологий государства и выделяемой в их рамках системы основных типов государства Казахстан находится на переходном этапе развития, что выражается в процессе эволюционного перехода от советского социалистического государства к социальному правовому государству. Обозначены признаки переходного типа государства, к которому относится Казахстан: социальный, демократический, правовой, светский характер страны; частная собственность. Отмечено, что они направлены на обеспечение интересов всего общества, что характеризует его социальное назначение. Автором выделены также зачатки социального партнерства, основанного на разнообразных формах контроля со стороны общества за деятельностью государства; высокие темпы информационно-технологического развития; усиление мер регулирования экономических, социальных, политических, культурных, идеологических отношений.

G.T.Baizhanova

Type of Kazakhstan state: content and main characteristics

In a context of existing state typology and allocated in their framework system of the state main types Kazakhstan is the state in process of evolutionary transition from the Soviet socialist state to the social constitutional state. Features typical to the type of state of Kazakhstan: social, democratic, legal, secular character of the country, private property is aimed at ensuring the interests of the whole society, which characterizes its social purpose; beginnings of social partnership, based on a variety of forms of public control beyond the activities of the state; a high rate of information and technology development; increased government regulation of economic, social, political, cultural, and ideological relations.

References

- 1 Arzamaskin N.N. *State government and local government*, 2006, 7, p. 3–5.
- 2 Baimakhanov M.T. *Problems of statism*, Almaty: Zhety zhargy, 2001, p. 19.
- 3 Chirkin V.E. *Elements of comparative political science*, Moscow: IS&L of RAS, 1994, p. 89.
- 4 Marchenko M.N. *Issues of state and law theory: textbook*, Moscow: Velbi Prospect, 2008, p. 768.
- 5 Kubeev E.K., Amandykova S.K. *Constitution of the Republic of Kazakhstan: theoretical and legal analysis*, Almaty: Bilim, 2008. — 300 p.
- 6 Evstratov A.E. *The genesis of the idea of the welfare state: historical and theoretical issues: auto abstract of the dissertation of the candidate of legal sciences*, Omsk, 2005, p. 6–8.
- 7 Topornin V.A. *Philosophy issues*, 2001, 7, p. 18.
- 8 Vengerov A.V. *Theory of state and law: textbook for law schools*, 3rd edition, corrected and completed, Moscow: Omega-L, 2006, p. 239.

9 Yasin E. *Economy issues*, 2006, 4, p. 25.

10 Message of the President of the Republic of Kazakhstan — the Leader of Nation Nursultan Nazarbayev to the people of Kazakhstan «Kazakhstan–2050» New policies of established state, [ER]. Access mode: akorda.kz

11 Law of the Republic of Kazakhstan «On religious activity and religious associations» from October 11, 2011 № 483-IV, [ER]. Access mode: <http://adilet.zan.kz>, p. 3.

Репозиторий Қарғу